

**"Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 11 қаулысына
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 мамырдағы № 291 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Астана ЭКСПО-2017" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 11 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 11, 202-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қоғам қызметінің негізгі нысанасы Астана қаласында ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін (бұдан әрі – халықаралық мамандандырылған көрме) ұйымдастыру және өткізу, халықаралық мамандандырылған көрменің аумағын көрмеден кейін пайдалану, сондай-ақ халықаралық, оның ішінде 1928 жылғы 22 қарашада Парижде жасалған Халықаралық көрмелер туралы конвенцияда көзделген көрмелерге қатысу болып белгіленсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Б. Сағынтаев